## 2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы N 575 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 25 қаңтарда N 5-18-141 тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы N 32 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 30.01.2013 N 32 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру Ережелері, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 2 бабы негізінде, жұмысқа орналасуда қиыншылық көріп отырған халықтың әртүрлі топтарына қолдау және мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында Үржар аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыратын ұйымдар тізбесі, жұмыс түрлері, көлемі, қаржыландыру көзі және қоғамдық жұмыстардың нақты шарттары, қоғамдық жұмыс түрлерінің тізбесі осы қаулының № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Жұмысқа қатысушылардың еңбек ақысы 2012 жылға белгіленген ең төменгі еңбек ақы мөлшерінде бекітіліп, ең төмен радиациялық қауіп аймағында тұратындығы үшін қосымша төлемақы қоса төленсін.

3. Ұйым басшыларына жұмыскерлердің жекелеген санаттарына (кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар әйелдерге, көп балалы аналарға, мүгедектерге, он

сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерге) жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында жасау мүмкіндігін беру, сонымен қатар тиісті санаттың еңбек жағдайы ерекшеліктерін есепке алу арқылы және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді нысандарын қолдану ұсынылсын.

4. «Үржар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Б. Сейтқановқа жүктелсін.

6. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Үржар ауданының әкімі Б. Жанақов*

Үржар аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 575 қаулысына № 1 қосымша

## 2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын ұйымдар тізбесі, жұмыс түрлері, көлемі, қаржыландыру көзі және қоғамдық жұмыстардың нақты шарттары

| Рет саны | Жұмыс берушілер мен ұйымның атауы | Ақылы қоғамдық жұмыс түрлері | Атқарылатын жұмыстар көлемі | АҚЖ-ға қатысушылар | | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | барлығы | соның ішінде ауыл | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | «ШҚО Үржар ауданы әкімінің аппараты» ММ | Құжаттармен жұмысқа, мұрағатқа өткізуге әзірлеуге, тіркеуге, көшірме жасауға, ауланы тазалауға көмек | 25-30 құжат, 2600 м2 | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 2 | «Үржар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауланы тазалауға, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне ауланы тазалауға, су құбырларын тазартуға көмек, мал және халық санағына қатысу, атаулы әлеуметтік көмек пен балалар жәрдемақысы құжаттарын қабылдауға, көше тазалауға, көшет отырғызуға көмек | 13 ҰОС ардагерлері, 50 көше, 2600 м2, 500 адам, 5400 үй, 7000-8000 көшет | 80 | 80 | Үржар ауданының бюджеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | «Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Абаттандыру, көгалдандыру, ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, көшелерді, көпірлерді жөндеу, шаруашылық кітаптарын жүргізуге көмек, халық санағына қатысу | 20 үй, 200 м2, 5 км, 200 көшет, 7 гүлзар, 428 үй, 19 көше, 5 көпір | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 4 | «Көлденең ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Құжаттармен жұмысқа көмек, абаттандыру, көгалдандыру, қардан тазалау, халық санағына қатысу, су құбырларын жөндеуге қатысу | 25-30 құжат, 2600 м2, 5 км | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 5 | «Бестерек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, көшелер мен көпірлерді жөндеу, қар тазалау, халық санағына қатысу, көшет егу, арықтарды тазалау | 800 м3, 7 га, 5 км арық, 15 көпір | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 6 | «Жаңа Тілек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Қар тазалау, халық санағына қатысу, ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымдағы жөндеу, арықтарды тазарту, көшелерді жөндеу, мәдени шараларға қатысу жұмыстары | 250 м3, 150 м3, 400 м2 | 6 | 6 | Үржар ауданының бюджеті |
| 7 | «Егінсу ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | «Амангелді- Егінсу» каналын тазалау, ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымдағы жөндеу, халық санағына қатысу, Жанай, Егінсу ауылдарының жалғыз басты қарттарына ауланы тазалауға көмек, көпірлерді жөндеу, көшет егу | 200 м, 5 жанұя, 400 м2, 300 м2, 14 көпір, 800 көшет | 5 | 5 | Үржар ауданының бюджеті |
| 8 | «Елтай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Мүгедек және қарттарға ауланы тазалауға көмек, шаруашылық кітабын анықтау, жинау, мал санағына қатысу | 920 м3, 22 кітап, 125 тн қоқыс, 404 үй, 12 гүлзар | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 9 | «Жоғарғы Егінсу ауылдық | «Тәуелсіздік» саябағын көгалдандыру, жинау, жалғыз басты қарттар | 288 м2, 338 үй | 4 | 4 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | округі әкімінің аппараты» ММ | мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек, халық санағына қатысу | | | | Үржар ауданының бюджеті |
| 10 | «Көкөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Көгалдандыруға, халық санағына қатысуға, су құбырын жөндеуге көмек | 24 км су құбыры, 200 көшет, 24 гүлзар, 349 үй | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 11 | «Науалы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Қар тазалау, ауланы тазарту, көгалдандыру, арықтар тазалау, мәдени шараларға қатысу, халық санағына қатысу, шаруашылық кітаптарын анықтау | 1600 м2, 2400 м3, 100000 м2, 6 км арык | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 12 | «Ново - Андреевка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, көгалдандыру, жинау | 150 м2, 200 м3 | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 13 | «Салқынбел ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Жалғыз басты қарттарға, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне ауланы тазалауға көмек, көгалдандыру,су құбырларын жөндеуге, « Жеңіс» саябағын абаттандыруға көмек | 108 м, 100-150 м2, 18-20 үй | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 14 | «Қоңыршәулі ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Қар тазалау, халық санағына қатысу, шаруашылық кітаптарын анықтау, көпірлер мен көшелерді жөндеуге қатысу | 720 үй, 500 м3, 450 м, 19 көше | 10 | 10 | Үржар ауданының бюджеті |
| 15 | «Алтыншоқы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, қар тазалау, халық санағына қатысу, ағаш егу, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге күтім жасауға көмек | 200 м2, 200 ағаш | 6 | 6 | Үржар ауданының бюджеті |
| 16 | «Қарақол ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Көшелер мен көпірлерді жөндеу, қар тазалау, халық санағына қатысу, ағаш отырғызу, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек, мәдени шаралар өткізуге қатысу | 4 мүгедек, 5000 м2, 1500 ағаш, 600 үй | 6 | 6 | Үржар ауданының бюджеті |
| | «Шолпан ауылдық округі | Қар тазалау, ауланы жинау, арықтарды тазалау, халық санағына | 306 үй, 335 м2, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | әкімінің аппараты» ММ | қатысу, ағаш отырғызу, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек | 12 км арық, 2100 ағаш | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 18 | «Мақаншы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауланы тазалау және көгалдандыру, ағымды жөндеу, жалғызбастылар мен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне ауланы тазалауға көмек, шаруашылық кітаптарын анықтау, көшелер мен көпірлерді жөндеу, қар тазалау, халық санағына қатысу | 80 000 м2, 70 гүлзар, 600 көшет, 25 көпір, 1514 үй, 54 көше | 52 | 52 | Үржар ауданының бюджеті |
| 19 | «Ақшоқы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Қар тазалау, халық санағына қатысу, ағаш отырғызу, ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын жөндеу, шаруашылық кітаптарын анықтау, көшелер мен көпірлерді жөндеуге қатысу | 350 м3, 316 үй, 2.5 тн қоқыс, 1850 ағаш, 6 көпір | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 20 | «Бақты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, қар тазалау, халық санағына қатысу, ағаш отырғызу, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек | 200 м2, 663 үй, 500 ағаш | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 21 | «Благодарное ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, қар тазалау, халық санағына қатысу, көшеттер отырғызу, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек, арықтарды тазалау | 40 000 м2, 1.5 км арық, 529 үй, 500 көшет | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 22 | «Қабанбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Көшелер мен көпірлерді жөндеуге қатысу, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек, ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, ауланы абаттандыру, орталық саябақты жөндеу, мәдени шараларға қатысу | 13 көше, 12500 м2, 908 үй, 10 көпір | 20 | 20 | Үржар ауданының бюджеті |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 23 | «Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, қар тазалау, халық санағына қатысу, көшеттер отырғызу, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек | 1500 м2, 358 үй, 200 көшет | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 24 | «Қарабұта ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Көшелер мен көпірлерді жөндеуге қатысу, қар тазалау, халық санағына қатысу, су құбырларын жөндеу, жалғыз басты мүгедектер мен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне ауланы тазалауға көмек | 12 көше, 520 м2, 287 үй | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 25 | «Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауланы абаттандыру, жөндеу жұмыстары, жалғызбасты зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, мүгедектерге ауланы тазалауға көмек, халық санағына қатысу, көшелерді, ескерткіштерді, көпірлерді жөндеуге қатысу | 346 үй, 3500 м3, 3 көше, 4 көпір, 2 ескерткіш | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 26 | «Қаратұма ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын ағымды жөндеу, қар тазалау, халық санағына қатысу, ағаш отырғызу, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек, көшелер мен көпірлерді жөндеуге қатысу | 200 м2, 3 көпір, 457 үй, 4 көше, 1000 ағаш | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 27 | «Көктал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Қар тазалау, шаруашылық кітаптарын анықтау, халық санағына қатысу, көгалдандыру, жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге ауланы тазалауға көмек | 6 кітап, 10500 м2, 700 көшет | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 28 | «Көктерек ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Мәдени шараларды өткізуге қатысу, корреспонденциялар жеткізу | 7-8 үй, 1 спорт, 1 мәдени шара | 6 | 6 | Үржар ауданының бюджеті |
| | «Үржар аудандық ішкі | Кіріс және шығыс құжаттармен жұмысқа, | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 29 | істер бөлімі» ММ (келісімі бойынша) | мұрағат құжаттарымен жұмысқа көмек | 3000- 3500 тізім, 25-30 іс | 5 | 5 | Үржар ауданының бюджеті |
| 30 | Ауданаралық қаржы полициясы бөлімі (келісімі бойынша) | Абаттандыру, көгалдандыру | 400 м2 | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 31 | Үржар ауданының прокуратурасы (келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа көмек, кіріс және шығыс құжаттарын тіркеу | 750 құжат | 2 | 2 | Үржар ауданының бюджеті |
| 32 | Үржар аудандық соты ( келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа көмек, корреспонденциялар жеткізу | 750 хат, 350 шақыру | 5 | 5 | Үржар ауданының бюджеті |
| 33 | Үржар ауданының № 2 соты (келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа көмек, корреспонденциялар жеткізу | 200-250 іс, 750 хат | 2 | 2 | Үржар ауданының бюджеті |
| 34 | «ШҚО сот актілерін орындау Департаменті» ММ Үржар аумақтық бөлімі (келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа көмек, корреспонденциялар жеткізу | 1310 құжат, 2085 шақыру | 10 | 10 | Үржар ауданының бюджеті |
| 35 | «ШҚО сот актілерін орындау Департаменті» ММ Мақаншы аумақтық бөлімі (келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа көмек, корреспонденциялар жеткізу | 30-35 құжат, 10-22 шақыру, 10-15 хат | 2 | 2 | Үржар ауданының бюджеті |
| 36 | Үржар аудандық мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Үржар аудандық бөлімшесі ( келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа, тіркеу журналын жүргізуге көмек | 22000 шешім, 3200 адам, 3000 құжат | 6 | 6 | Үржар ауданының бюджеті |
| | « Ш Қ О бойынша қазынашылық департаментінің Үржар | Мемлекеттік мекемелерге құжаттар жеткізуге, | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 37 | аудандық қазынашылық бөлімі» ММ ( келісімі бойынша) | құжаттарды тіркеуге, рәсімдеуге, нөмірлеуге көмек | 350-400 дана | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 38 | «ШҚО Үржар ауданының мемлекеттік мұрағаты» ММ (келісімі бойынша) | Мұрағат құжаттарын өндеуге көмек, жинау, өшкен мәтіндерді қалпына келтіру, сұраныстарды орындауға көмек | 20 қорап, 10 сұраныс, 15 іс | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 39 | ШҚО «Үржар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ | Мәдени-көпшілік шараларды өткізуге көмек, құжаттармен жұмыс | 10-15 құжат, 3-4 шара | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 40 | «Үржар аудандық әкімиятының мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Мәдени- көпшілік шараларды өткізуге көмек, жинау, жөндеу жұмыстары көгалдандыру | 50000 м2, 3-4 шара | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 41 | «ШҚО бойынша салық департаментінің Үржар ауданы бойынша салық басқармасы» ММ (келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмыс, кіріс және шығыс корреспонденцияларды тіркеу | 3000 іс, 10-15 құжат | 6 | 6 | Үржар ауданының бюджеті |
| 42 | «ШҚО Үржар аудандық Әділет басқармасы» ММ (келісімі бойынша) | Құжаттардың көшірмелерін жасауға, мұрағаттық жұмыстарға көмек | 100-150 құжат, 200-300 іс | 16 | 16 | Үржар ауданының бюджеті |
| 43 | «Үржар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ | Құжаттармен жұмысқа, жинауға, көгалдандыруға көмек | 400 іс, 150-200 іс, 700 м2 | 10 | 10 | Үржар ауданының бюджеті |
| 44 | Үржар ауданының қылмыстық атқару инспекциясы ( келісімі бойынша) | Іс қағаздарын жүргізуге және мұрағаттық жұмыстарға көмек | 20-30 құжат, 6-15 іс | 2 | 2 | Үржар ауданының бюджеті |
| 45 | «Үржар аудандық білім бөлімі» ММ | Ауланы жинауға, көгалдандыруға, жөндеу және жылыту жұмыстарына көмек | 800 м2, 400 м2, 30 м3 қоқыс | 6 | 6 | Үржар ауданының бюджеті |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 46 | «Үржар аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ | Іс қағаздарын жүргізуге, келісім- шарттарды, мемлекеттік актілерді тіркеуге көмек | 10-15 құжат, 400 акт, 100 келісім шарт | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 47 | «ШҚО Үржар ауданының № 1 медицина бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (келісімі бойынша) | Көгалдандыру, жөндеу жұмыстары және жылыту жүйелері мен қазандықтарды қысқа дайындау | 1000 м2, 150 м2, 100 көшет | 10 | 10 | Үржар ауданының бюджеті |
| 48 | «ШҚО Үржар ауданының № 2 медицина бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (келісімі бойынша) | Көгалдандыру, жөндеу жұмыстары | 1500 м2, 200 көшет | 8 | 8 | Үржар ауданының бюджеті |
| 49 | «№ 2 бастапқы дәрігерлік санитарлық көмек орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (келісімі бойынша) | Іс қағаздарын жүргізуге, көгалдандыруға, жөндеу жұмыстарына, халық санағына көмек | 20-25 құжат, 1027,7 м2, 1700 үй | 6 | 6 | Үржар ауданының бюджеті |
| 50 | «Уақыт тынысы» газетінің редакциясы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны (келісімі бойынша) | Бөлмелерді жинау, көгалдандыру, мәтіндер теруге көмек | 140 м2, 48 бет | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Үржар |
| 51 | ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «ШҚО № 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы» Республикалық ММ (келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа, шығыс құжаттарын тіркеуге, тізімдер құрастыруға, мұрағатпен жұмысқа көмек | 3000-3500 тізім, 25-30 құжат, 4 журнал | 6 | 6 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ауданының бюджеті |
| 52 | «Үржар ауданының қаржы бөлімі» ММ | Құжаттармен жұмысқа көмек, корреспонденциялар жеткізу | 116 құжат, 50-200 дана | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 53 | «Абай атындағы орта мектеп лицейі және балабақша» ММ | Ауланы жинау, жөндеу, қар тазалау, көкөніс өсіруге көмек | 1060 м3, 300 м3 қоқыс, 4 га | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| 54 | «№ 18 кәсіптік лицей" ММ | Ауланы жинау, көгалдандыру, маусымдық жылыту жұмыстары, қар тазалау | 150 м2, 70 м2 | 3 | 3 | Үржар ауданының бюджеті |
| 55 | ШҚО бойынша жылжымайтын мүлік орталығы Үржар филиалы ( келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа көмек | 1652 үй, 23754 іс | 10 | 10 | Үржар ауданының бюджеті |
| 56 | «Агроөнеркәсіп кешені мемлекеттік инспекциясы Үржар аумақтық комитетінің аумақтық инспекциясы» ММ (келісімі бойынша) | Құжаттармен жұмысқа көмек, ауыл шаруашылық техникасы мен малды компьютерлік базаға енгізу | 200 дана, 300 бас | 4 | 4 | Үржар ауданының бюджеті |
| | БАРЛЫҒЫ | | | 490 | 490 | |

*Қоғамдық жұмыстардың нақты шарттары:*

Жұмыс аптасының ұзақтығы 5 күн, сегіз сағаттық жұмыс күні, екі демалыс күні беріледі, түскі асқа үзіліс 1 сағат, жұмыс шарттарының негізінде жұмыс уақытын ұйымдастырудың, сонымен қатар мүгедектер үшін икемді нысандары қолданылады. Еңбек ақы төлемі жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген нақты жұмыс істеген уақыты арқылы орындалған жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты жұмыссыздардың дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, денсаулыққа жарақат немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зияндарды өтеу; зейнетақы және әлеуметтік ақша аударымдары Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Жұмысшылардың жеке санаттары үшін (кәмелетке толмаған балалары бар әйелдер, көп балалы аналар, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер) қоғамдық жұмыстардың шарттары сәйкес санаттың еңбек жағдайы ерекшеліктерін есепке алу арқылы

анықталып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасында жасалатын еңбек келісім шарттарымен қарастырылады.

*«Үржар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы С. Семенова*

Үржар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 575 қаулысына № 2 қосымша

## Ақылы қоғамдық жұмыс түрлерінің тізбесі

1. Ауылдар, елді мекендер, өнеркәсіп орындары орналасқан жерлерді жинауға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына көмек.
2. Жол салу, жөндеу, су, газ құбырлары, канализация жүргізу жұмыстарына байланысты қосалқы жұмыстарға қатысу.
3. Мелиоративтік жұмыстар, үлкен және шағын көпірлерді, бас каналдардың, арық, тоған, өзендердің арналарын тазалау жұмыстарына қатысу.
4. Әлеуметтік – мәдени нысандардың, тұрғын үйлердің құрылысы, жаңарту, жөндеу жұмыстары.
5. Тарихи–сәулет ескерткіштері, кешен, қорық аумақтарын қалпына келтіру жұмыстары.
6. Өңірлерді экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және абаттандыру).
7. Ауқымды мәдени шараларды ұйымдастыруға көмек (спорт жарыстар, фестивальдар, мерекелер, халықтың шығармашылық байқауы және тағы басқа), тұратын жерлерінде балалардың және жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру.
8. Республикалық және өңірлік қоғамдық науқандарын өткізуге көмек көрсету. Халық санағына, социологиялық зерттеу өткізуге, шаруашылық кітаптарын анықтауға, қорғаныс істер бөлімінде, салық органдарында, мұрағат құжаттарымен жұмыс істеуге, полигон құжаттарын рәсімдеуге, мүлікті жария етуді өткізуге қатысу.
9. Мал, құстарды бордақылау, көкөніс және дәнді дақылдарды өсіру жөнінде қысқа мерзімдік маусымдық жұмыстар.
10. Мал дәрігерлік санитарлық – алдын алу іс шараларына қатысу.
11. Ауыл шаруашылығының зиянкестерімен күрес жөніндегі жұмыстарға қатысу.

12. Ауру және қарт адамдарға күтім жасау, үй жұмысына көмек.
13. Маусымдық – жылыту жұмыстары.
14. Ғимараттарды, тұрғын үйлердің баспалдақтарын жинау.
15. Газет – журналдарға жазылу науқанын өткізуге көмектесу және корреспонденцияларды жеткізу.
16. Мектеп асханаларындағы, қоғамдық тамақтандыру орындары, наубайханалардағы қосалқы жұмыстарға қатысу.
17. Ауылдық округтарында отын әзірлеу.

*«Үржар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы С. Семенова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК